



XFTAP 19.02.09

Еркегүл Арыққарақызы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: shaymardan.gul@mail.ru)

Түрік ақыны Гүлай Сормагештің поэзиясы
(Балалар туындыларының ерекшелігі)

Андатпа. Мақалада кеңестік қазақ әдебиеттануында зерттеліп-зерделенбеген түрік балалар әдебиетінің ірі өкілі Гүлай Сормагештің өлеңдері талқыланды. Ақынның туындыларын қазақ балалар әдебиетіндегі ой-танымдармен ұштастырып, әдеби туындыларды өзара салыстыру мақсаты көзделіп, талданған.

Ақын Гүлай Сормагештің балалар мен жеткіншектерге арналған «Сен жараттың, Алла(h)-ым» («*Sen yarattın Allah'ım*»), «Сәлем болсын» («*Selam olsun*»), «Шүкір етермін Раббыма» («*Şükür ederim Rabbime*»), «Құрбан мейрамы» («*Kurban bayramı*»), «Алладан сыйлық, бізге» («*Allah'tan hediye bize*») т.б. туындыларынан – жаратқанды тануға, имандылыққа уағыздаған, иман арқылы Жаратушы иеге шүкір ету, сабырға келу ұлағаттарын ұлықтаған, адамзат бойындағы асыл қасиеттер – қанағат, ізгілік, адамгершілік ұғымын танытуға арналған – имандылықтың нұрына бөленген поэзияны танытады.

Түйін сөздер: Гүлай Сормагештің поэзиясы, балалар әдебиеті, Алланы тану қағидалары, қанағат пен ізгілік, жаратушы және сәбилік тазалық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-128-3-8-14>

Дүниежүзіндегі қай халықтың болсын балалар әдебиетіне арналған алғашқы туындылары – халық ауыз әдебиетінің алтын нұсқалары, тұрмыс-салт жырларынан, ертегілер, батырлар жырлары т.б. басталары анық.

Дүниеге шыр етіп келген перзентінің әзиз үніне жанымен, жүрегімен мейірленген ана ең әуелі ана әлдиі – бесік жырын арнайды.

Түбі бір – түркі тектес халықтардың, қала берді әлем халықтарының барлығында дерлік кездесетін бесік жырынан басталатын өлеңмен өрнектелген жыр – өмір, поэзияның адам өмірінің әр кезеңінде атқаратын мұрат-мақсаты мен адам жанына сәуле түсірер рухани қуаты орасан.

Қазақ халқының ұлы ақыны, хакім Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» [1] дейді. Ал, өзіміз бала кезімізде естіп, жаттап өскен балаларға арналған өлең-жырлар мен бізді қоршап тұрған айналамыздағы табиғаттың таңғажайып сырларын тани білуге баулитын, сол арқылы әдемілікті, әсемдікті сүйеге, бағалауға үйрететін тілі жеңіл, ойға қонымды, көңілге әсемдік ұялататын өлеңдердің орны бала танымының дамуына берер әсері зор. Сол кездегі жаттаған өлеңдеріміздің күні-бүгінге дейін көңіліміздің көкжиегінде жылы шуақтай жақсы әсерімен қалғандығын айта кету орынды.

Сонымен қатар бала жүрегіне Отан деген ыстық ұғымды сіңіретін, туған жер туралы жырлардың, туған ұлтына деген сүйіспеншілігін оятатын ана тіл туралы өлеңдердің де балалардың азаматтық болмысының қалыптасуына беретін әсер-ықпалының орасан зор екендігін айтпай өтуге болмайды.

Балаларға арналған алғашқы әдеби туындылар, аңыз-әфсаналар, «Таза бұлақтай» саф туындылар – қысқа әңгімелер т.б арқылы – жерден бауырын жаңа көтерген жас талшын тамырдай тап-таза, нәзік сезімтал бала танымының, ой-санасының дүниені тануға арналған ең алғашқы баспалдағы басталады. Әдемілік әлеміне, эстетикалық болмысқа деген тұңғыш танымы, сезімталдық санасының қалыптасуына негіз қаланады.

Балалар әдебиеті, балаларға арналған туындылар – балғын сана-сезім иесі – бала танымы үшін «ақ параққа жазылған қалам ізі» секілді мәңгілікке жазылып қалатын, ешқашан ұмытылмайтын уақыт өткен сайын жаңғырыға түсетін эстетикалық өнер қуаты, көркем сөз арқылы жас жеткіншек бойына сіңірілген ұлағат, тәлім-тәрбие тағылымына, әдемілік әлеміне жол ашқан сиқырлы да құдіретті даңғыл!

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ руханиятының көгжиегінде шоқ жұлдыздай жарқыраған – ұлт тарихында аты мәңгі өшпейтін кемел тұлғалар – хакім Абай, ғалым Шоқан, ұстаз Ыбырайлар қоғамдық ой-пікірдің көшін бастаушы үш шыңы биігіне көтерілді.

Бұл заман – қазақ халқының отаршылдық бұғауына әбден шырмалып, ұлт зиялылары осы қапастан құтылу жолы оқу-білім игеру деген көзқарасқа келген кезең еді. Халқымыздың ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу ісін жаңғырта отырып жүзеге асырған ұстаз Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» (1879, Орынбор) оқулығын жазды. Қолына қалам алып қазақ балаларының ұғым-танымына лайықтап өлеңдер мен әңгімелер жазғанда, суреткердің сәуегей танымы аумалы да төкпелі аласапыран заманның алдағы күйін аңдап, әуелде, туған тілдің тазалығы мұраты мен жас қазақ жеткіншектерінің балаң санасын ұлттық ұызбен ұйыта білу, иманды да мұсылманшыл арда буынның асыл қасиеттерін ұлағат етуді мақсұт тұтты.

Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин: «Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе білу керек» [2], - деп айтқанындай, қазақ даласына дендеп еніп келе жатқан рухани отарлау, миссионерлік саясатқа қарсы күресе отырып, осыларға қарсы тұруда халықтық салт-дәстүрлерді, ауыз әдебиетін бала санасына сіңіруді, тіл тазалығы үшін күресуді мұрат етті.

Бір оқығанда оқу мен өнерге, талаптануға, еңбекке шақырған өлеңдер мен әңгімелердің сан алуан астарлы терең мағынасына бойласаңыз көкірегіңіз саф, тұма «Таза бұлақпен» сусындағандай дегдар бір күй кешеді. Ол - бір тылсым әлем. Жұмбақ күй.

Бір Құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық.

Bir Allah'a sığımıp
Gelin çocuklar okuyalım [2].

“Gelin çocuklar okuyalım”

Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Біз болмасақ, сіз барсыз
Үміт еткен достарым

Сіздерге бердім батамды [2, 3 б.], – деп басталатын өлеңі де Алланы еске алумен басталады. Бала жанының бағбаны ұлы ұстаз жеткіншектерді ең әуелі имандылыққа шақырады. Иман арқылы келетін ахлақ (ұждан) білімін алуға, өнер үйренуге шақырады. Хакім Абайда да «Әуелі аят, хадис - сөздің басы» («Evvela ayet, hadis – sözün en başı») [1], «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» («Allah'ın varlığı ve onun sözü (Kuran-ı Kerim) gerçektir» [1] деп келетінін ескерсек, Абай үшін де Ыбырай үшін де алдымен Алла, Құдай сөзі елді жақсылыққа, ізгілікке, адамдыққа жетелеудің басты құралы болды.

Ал, түрік балалар әдебиетінің өкілі ақын, жазушы Гүлай Сормагеш алғашқы өлеңдерін бала кезінен бастап жаза бастаған. Кейінірек қалам қуаты артып, өзін білімдік тұрғыдан шыңдай келе қысқа әңгімелер, повесттер мен хикаяттар жазды.

Гүлай Сормагеш 1965 жылы 20 қазанда Түркияның Ыспарта кентінде дүниеге келген. Бастауыш мектепті Ыспартадағы Ататүрік орта мектебінде бітірді. Одан кейін орта мектеп пен лицейді Ыспартадағы Хатиф лицейінде оқыды. 1986 жылы Діни Істер Басқармасында Құран Үйретушісі (ұстаз) болып еңбек жолын бастайды. Ұзақ жылдар бойы шәкірттерін діни іліммен сусындатқан ұстаз. Текирдаг Шорлу елді-мекендерінде ұстаздық жасаған Гүлай Сормагеш үлгілі де білімді мұғалім, жазушы әрі ақын. Халықаралық және жергілікті басылымдарда туындылары мен мақалалары үздіксіз басылып тұрады. Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті Қорының мүшесі. Діни істер жөніндегі балалар журналы жазбалары, басқа да әртүрлі балаларға арналған журналдарда әңгімелері, ертегілері үздіксіз жарияланып тұрады. Білім беру мен Театр тақырыбында да мақалалар жазады. Ақынның сценарийі бойынша әзірленген туындылар Түркияда және шетелдерде сахналанды. Алыс-жақын шетелдерде де қысқа мерзімді қызметтерде болды. Германия, Франция мемлекеттерінде білім беру саласында қызмет атқарған. Ақынның біршама туындыларына әндер (сазгер Шенел Өналды) жазылған.

Мен Гүлай Сормагеш ақынның жырларын оқи отырып қаламгердің туған ұлт болашағы болатын балалар мен жеткіншектерге арналған «Сен жараттың Алла(h)-ым» («Sen yarattın Allah'ım»), «Сәлем болсын» («Selam olsun»), «Шүкір етермін Раббыма» («Şükür ederim Rabbime»), «Дауа» («Dua»), «Құрбан мейрамы» («Kurban bayramı»), «Алладан сыйлық бізге» («Allah'tan hediye bize») т.б туындыларынан – Алланы тануға, иманға бет бұруға уағыздаған, иман арқылы Жаратушы құдіретке шүкір ету, сабырға келу ұлағаттарын ұлықтаған, адамзат бойындағы асыл қасиеттер – қанағат, ізгілік, адамгершілік ұғымын танытуға арналған – имандылықтың нұрына шыланған поэзияны таныдым.

Ақын туындыларының мені қызықтырған тұсы да осы – Иман тақырыбы, Ислам ұлағаты. Адал еңбек, адамгершілікті дін жолы имандылықты дәріптеуі, иманмен бірге келетін ар-ұждан ұғымы, қанағат, қайырым, мейірім, шүкір ету тағылымдарын өлеңіне өзек еткен поэзиясының құндылығы, туған ұлт келешегі болып табылатын балалар мен жасөспірімдер әдебиетіндегі көтерілген мәселенің өзектілігі. Бұл мәселе – қоғамға нәр беретін, рухқа дем беретін қуатты дәрумен! Балалар мен жеткіншектерді имани салауатқа жетелейтін, адамгершілік ізгі қасиеттерге үйрететін саф «таза бұлақтай» – асыл миссия!

XXI ғасыр ақпараттар ағыны ғасыры, бұл жаңа заман – жаһандану ғасыры. Өлемді жаулап келе жатқан жаһандану атты алпауыт үрдістің соңы араға санаулы жылдарды салып, «ұлтсыздану» қаупіне әкелмесіне кім кепіл?! Осы тұрғыдан келгенде мен қазіргі қаламгерлер туындыларынан үш негізгі тірек – Ислам құндылықтары – Иман тақырыбы, Туған тіл, Отан, ел жер жырларына баса зейін қойып, зер салып жүрмін. Ақын Гүлай Сормагештің «Шүкір етермін Раббыма» («Şükrederim Rab'bime») жырында: Шүкір етермін Раббыма;

Şükrederim Rabbime;
Жақын болғаны үшін,
Шүкір етермін Раббыма;
Жаратқан-ы (құлы) болу үшін.

Yakın olduğu için,
Şükrederim Rabbime;
Kulu olduğum için,

...Шүкір етермін Раббыма;
Ата-аналарым үшін,
Шүкір етермін Раббыма,
Туысқандарымның бары үшін,
Шүкір етермін Раббыма;
Жаннәт Отаным үшін.;

Şükrederim Rabbime;
İhsan ettiği için,
Şükrederim Rabbime;
İkram ettiği için,
Şükrederim Rabbime;
Cennet vatanım için;

(«Kar beyaz»), «Қыбыр-қыбыр көктем» («Kıtır kıtır bahar»), «Қыр гүлдері» («Kir çiçekleri»), «Мен бір бал арасымын» («Ben bir bal arısıyım») т.б. жырлары балаларды туған өлке табиғатын сүйіп, қастерлеуге, туған жер топырағының қадір-қасиетін білуге дәріптейді.

Қыбыр-қыбыр көктем,	Kıtır kıtır bahar
Талдар гүлдер ашар.	Dallar çiçek açar
Гүлдері бүршік-бүршік,	Gülleri tomurcuk
Қыбыр-қыбыр көктем.	Kıtır kıtır bahar. [3, 36 б.].

Өлең жолдары түсінікті болсын әрі түпнұсқадан алшақтамасын деген оймен тікелей аударма жасалды, кез келген аударма секілді аз да болсын өзінің түпнұсқадағы көркемдік бояуы әлсірегенімен мазмұнын толық бере алады.

Қаламгердің азаматтық лирикасы «Мұсылман түрік баласы» («Müslüman türk çocuğu»), «Байрағыма сәлем» («Bayrağıma selam dur»), «Отан дегенің» («Vatan dediğın»), «Ана тілім» («Ana dilim»), «Түріктің еркіндік маршы» («Türk'ün istiklal marşı»), «Отанға сүйіспеншілік» («Vatan sevgisi») жырларының тақырыптық-идеялық ерекшелігімен өлшенеді.

Ақынның «Мұсылман түрік баласы» («Müslüman Türk Çocuğu») жырында:

Көзжанарым, бөбегім!	Gözbebeğim, emeğim
Тәңіріден тілегім.	Mevla'dan dileğim
Ертеңім келешегім	Yarınım, geleceğim
Мұсылман түрік баласы.	Müslüman Türk çocuğu

Сүйемін, ұл-қызымды,	Severim oğul, kızını
Сыйлы Ай-жұлдызымды.	Onurlu Ay-Yıldızını
Құраннан алар қуатты	Kur'an'dan alır hızını
Мұсылман түрік баласы.	Müslüman Türk çocuğu

Тұран деген далаларда,	Turan denen diyarlara
Әдемі, асыл армандарға.	Güzel tatlı rüyalara
Созылатын Алтайларға	Uzacak Altay'lara
Мұсылман түрік баласы!	Müslüman Türk çocuğu! [3, 37 б.].

Бұл шумақтарда иман ілімімен қатар келетін, бала жанын баурай алатын ұлттық рух, түркілік рух бар! Қаламгердің азаматтық көзқарасы мен мақсат-мұратының бір тірегі де осы мұсылман түрік балаларына имани ақиқат арқылы сіңетін адамдық, азаматтық, ұлтжандылық қасиеттерді дәріптеу мен түркілік рухты асқақ ұстау, береке-бірлікке шақыру идеясы!

Саяси-әлеуметтік лирикасына жататын «Түрікпін мен, көк бөрі ұрпағымын!» («Türk'üm ben bozkurt'um hey!»), («Мұңлы көкбайрақ бақыты қаралы» («Mahzundur gökbayrak bahti karalı») т.б. жырлары ақынның азаматтық көзқарасының айқындығын, қоғамдағы қайшылықтарға тайсамай өзінің ақындық үнін, азаматтық көзқарасын ашық білдіре білетін турашыл қайсарлығын, ешқашан екіжүзділікке бармайтын, айналасындағы жайттарға немқұрайдылық танытпай, әрдайым халық жүрегінің лүпілін сезіп, тамырын дөп басып, бұқара халық сөзін сөйлей білетін ақындық эрудициясының кеңдігін, қоғамға, Адамзат баласына адалдығын, шыншылдығын танытады.

Мәселен, ақынның «Түркімін мен, көк бөрі ұрпағымын!» («Türk'üm ben bozkurt'um hey!») жыры:

Қате демес, қош көрер,	Kusur demez, hoş görür;
Әділетке жол жүрер.	Adaletle yol yürür,
Залым менің қасым – дүр,	Zalim bana hasımdır;
Түрік Дүниесі жасым – дүр,	Türk Dünyası yasımdır,

Бұл өркен мирасым-дүр, Bu kültür mirasımdır
Түркімін мен, көк бөрі ұрпағымын! Türk'üm ben Bozkurt'um hey! [3, 42 б.].

Ақын Гүлай Сормагеш шығармаларының өзіндік ерекшелігіне тоқталғанда, ақынның туындыларының айтары ойы бар, қаламгерлік қарымы ерекше, өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан оның түрік дүниесі әдебиетіне, мұсылман түрік балалары әдебиетіне қосар үлкен үлесі бар қаламгер екенін таныдық.

«Тұран еліміздің жарқын болашағының кепілі – балалар мен жасөспірімдерді иман ілімімен, сусындатып, адамзаттың бойындағы жақсы қасиеттерін – адамгершілікті, мейірім-қайырымды, ізгілікті өлең-жырлары арқылы дәріштеп, сол арқылы діни де ұлттық тәрбие берген» шынайы ақын. Әсілі, тума талант, шын дарын ең әуелі Адамдыққа, ақындыққа – «сөз патшасы – поэзияға» адалдығын әрдайым сақтауы шарт. «Сөз сарасы – өлең» – өмірде шындықтан алыстап, ақиқаттан айнып, жалған сөйлеуге хақысы жоқ!

Мен ақын Гүлай Сормагеш поэзиясынан, ақынның азаматтық әуенінен баяу ескен самалдай жанға жайлы жылылық пен шындыққа суарылған саф тазалықты сезіндім.

Қоғамның қандай жарасына да қалыс қалмай үн қата білетін және адам баласының, адамзат тағдырының басынан кешіріп отырған әр қилы ауыртпашылыққа немқұрайды қарамай асқан қайсарлықпен үн қата білетін турашылдықты, өжеттікті таныдым. Қандай жағдай болса да ақиқаттан жазып, жалған сөйлеп көрмеген – Азаматтық адалдықты таныдым.

Сыбдыр еткен сыбыстан сыр аулаған сезімталдықты, әйел затына тән нәзіктік, анаға тән мейірбандық қасиеттер өлең болып өріліп жатқан Аналық, ақындықты таныдым.

«Саусақтарының ұшында тірі пендеге көрінбейтін күміс нұрдан жаралған қауырсын – қаламы» бар, Ақындық киеге адал, Адамдыққа адал Азамат ақын Гүлай Сормагеш имани ілімді, адамгершілік мінезді өлең-жырға арқау ете отырып поэтикалық өрісте тәлім-тәрбиелік ұстанымын ұрпақ бойына сіңіруге күш салды десек артық айтқандық болмайды..

Өл Фараби бабамыз: «Тәрбиесіз білім адамға қасірет алып келеді... (Eğitimsiz verilmiş bilim, insana hasret getirir...). Адамға ең бірінші тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілетін білім адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне және қоғамға үлкен апат әкеледі.» («İnsana ilk önce terbiye vermek gerek. Terbiyesiz verilmiş bilim, insanların ana düşmanıdır. Gelecekte bu, insanın ömrüne ve topluma hüsrân olacaktır.») - деген. [4, 7 б.].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абай. Қалың елім, қазағым... / А.Құнанбаев - Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
- 2 Ыбырай Алтынсарин. Шығармалары. / Ы.Алтынсарин - Алматы: Атамұра, 2002. – 300 б.
- 3 Sormageş G. Asrın kahramanları. / G. Sormageş - Istanbul: Kayalpark yayınları, 1987. – 120 s.
- 4 Алланың көркем есімі. / Құраст.: М. Қадыров – Алматы: Фолиант, 2008. – 88 б.

Еркегуль Арыккарақызы

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Поэзия турецкого поэта Гулая Сормагеча (Особенности детских произведений)

Аннотация. Целью статьи является сравнение литературных произведений со стихами великого представителя турецкой детской литературы - Гулая Соргешеча и идеями казахской детской литературы, которые находятся в процессе изучения и изучения казахской литературоведением.

«Благодарю Тебя, Господь» («Sen yarattın Allah'ım»), «Благодарение» («Selam olsun»), «Спасибо, Рабби» («Şükür ederim Rabbime»), «Празднование праздника Наурыза» («Kurban bayramı»),

«Божий дар нам» («Allah'tan hediye bize») и другие - поклоняться Аллаху и возвращаться к вере, прославлять Создателя через веру, прославлять величие человечества, - выражает поэзию духовности - своего рода довольство, доброту и гуманное выражение.

Ключевые слова: поэзия Гулая Сормагеча, детская литература, принципы Божьего признания, удовлетворения и добра, творчества и детской чистоты.

Erkegul Arikkarakzy

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Poetry of the Turkish poet Gulay Sormagech (Features of children's works)

Annotation. The article aims to compare literary works with the poems of the great representative of Turkish children's literature - Gulay Sorgeces and the ideas of Kazakh children's literature, which are in the process of studying and studying in the Kazakh literary criticism.

«Thank You Lord» («Sen yarattın Allah'ım»), «Thanksgiving» («Selam olsun»), «Thank You Rabbime» («Şükür ederim Rabbime»), «Celebration of Nauryz holiday» («Kurban bayramı»), «God's gift to us» («Allah'tan hediye bize») - to worship Allah and to return to faith, to glorify the Creator through faith, to glorify the greatness of humanity, - expresses the poetry of spirituality - a kind of contentment, kindness, and humane expression.

Keywords: Gulay Sormagesh poetry, children's literature, principles of God's recognition, satisfaction and goodness, creativity and childish purity.

References

- 1 Abai. Qalyn elim, qazagym... [My dear country, Kazakh...], (Atamura, Almaty, 2002, 224 p.). [in Kazakh]
- 2 Ybyrai Altynsarin. Shygarmalary [Works], (Atamura, Almaty, 2002, 300 p.). [in Kazakh]
- 3 Sormageş G. Asrın kahramanları [Heroes of the century], (Kayalıpark yayınları, Istanbul, 1967, 120 p.). [in Turk]
- 4 Allannyn korkem esimi [Beautiful name of Allan], Compiled by: Kadyrov (Foliant, Almaty, 2008, 88 p.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Арыққарақызы Еркегүл – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы, «Деректану және қолжазба мұралар» бөлімінің бас ғылыми қызметкері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Aikkarkarkazy Erkegul - Candidate of Philology, «Otyrar Library» Research Center at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Chief Research Officer of the Department «Source and Manuscripts», Nur-Sultan, Kazakhstan.